

Йорк герцогы, ханзада Эндрюдің Қазақстан Республикасына сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 23 қыркүйектегі N 227-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі арасындағы екі жақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту және 2003 жылғы 23-27 қыркүйекте Астана, Алматы және Атырау қалаларында Йорк герцогы, ханзада Эндрюдің Қазақстан Республикасына сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2003 жылғы 23-27 қыркүйекте Астана, Алматы және Атырау қалаларында Йорк герцогы, ханзада Эндрюдің Қазақстан Республикасына сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2003 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің ресми делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және баратын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Йорк герцогы, ханзада Эндрюдің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана, Алматы және Атырау қалаларының әуежайларына қонуын және олардан ұшып шығуын;

Астана, Алматы және Атырау қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Астана, Алматы және Атырау қалаларының әкімдері Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің ресми делегациясын қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын орындауды қамтамасыз етсін.

7. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2 3

қ ы р к ү й е к т е г і

№ 227 өкіміне қосымша

**Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі
ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру
және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру
іс-шаралары**

1. Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі ресми делегациясының мүшелерін (1+6) және бірге жүретін адамдарды Астана қаласында "Окан Интерконтиненталь" қонақ үйіне, Алматы қаласында "Хаятт Ридженси" қонақ үйіне және Атырау қаласында "River Palace" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін "Окан Интерконтиненталь", "Хаятт Ридженси" және "River Palace" қонақ үйлеріне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арналған арнайы рұқсатнамалар) дайындау.

4. Делегация басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атынан Йорк герцогы, ханзада Эндрюдің құрметіне ресми қонақасын ұйымдастыру.